

## **МҮШЕЛІК ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы ереже ҚР Азаматтық Кодексіне, ҚР “Коммерциялық емес ұйымдар туралы”, “Аудиторлық қызмет туралы” Заңдарына, “ҚР Аудиторларының палатасы” КАҰ Жарғысына сәйкес әзірленген.

1.2. Осы ереже Аудиторлар палатасының Жарғысымен қарастырылмаған мәселелерді реттейді.

### **2. ПАЛАТА МҮШЕЛЕРІНІҢ МӘРТЕБЕСІ**

2.1. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар Аудиторлар палатасының мүшелері бола алады. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар тек бір кәсіби ұйым мүшелері ғана болады.

2.2. Аудиторлар палатасындағы мүшелік екі санатты ескереді: толық мүшелер мен қауымдастырылған мүшелер.

2.3. Аудиторлар Аудиторлар палатасының толық мүшелері болып табылады.

2.4. Аудиторлық ұйымдар Аудиторлар Палатасының қауымдастырылған мүшелері болып табылады.

2.5. Аудиторларға үміткерлер Аудиторлар палатасына үміткерлер бола алады.

### **3. АУДИТОРЛАР ПАЛАТАСЫНДАҒЫ МҮШЕЛІК ШАРТТАРЫ**

3.1. Аудиторлар палатасына толық мүше ретінде кіру үшін Аудиторлар палатасы Кеңесінің Төрағасы атына аудитормен қол қойылған және оның жеке қолымен куәландырылған өтініш ұсыну қажет.

3.1.1. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- біліктілік куәлік көшірмесі;
- білімі туралы дипломының көшірмесі;
- СТТН көшірмесі;
- ӘСК көшірмесі;
- жеке куәлігінің көшірмесі;
- еңбек кәтапшасының көшірмесі;
- 3\*4 көлеміндегі суреттер;

Аудиторды басқа кәсіби аудиторлық ұйымнан (егер ол бұрын басқа КАҰ-ның құрамында болса) шығу туралы Қаулысының немесе шығуын растайтын басқа құжат көшірмесі;

- аудиторлар палатасы әзірлеген және бекіткен пішін бойынша сауалнама (құжаттарды тапсыру кезінде толтырылады).

3.2. Аудиторлар палатасына қауымдастырылған мүше ретінде кіру үшін Аудиторлар палатасы Кеңесінің Төрағасы атына ұйымның басшымен қол қойған және мөрімен расталған фирмалық бланкінде өтініш ұсынуы қажет.

3.2.1. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- Жарғы көшірмесі;
- санақ карточкасының көшірмесі;
- мемлекеттік тіркеу туралы куәлік көшірмесі;
- СТТН көшірмесі;
- аудиторлық қызметету туралы лицензия көшірмесі;
- аудиторлық ұйымды басқа кәсіби аудиторлық ұйымнан (егер ол бұрын басқа КАҰ-ның құрамында болса) шығу туралы Қаулысының немесе шығуын растайтын басқа құжат көшірмесі;


3.3. Аудиторлар палатасының мүшелігіне қабылдау туралы шешімді Аудиторлар палатасының Кеңесімен қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданады.

3.4. Аудиторлар палатасының толық мүшесі мемлекеттік органға ауысқан кезде аудитордың қолымен және жеке мөрімен куәландырылған өтініш бойынша Аудиторлар палатасындағы мүшелігін сақтап қалуы мүмкін.

3.5. Аудиторлар палатасының толық және қауымдастырылған мүшелері мен Аудиторлар палатасы мүшелеріне үміткерлерінің Аудиторлар палатасы Кеңесінің алдында дәлелді себептерді көрсетіп, мүшелік жарналарды және Аудиторлар палатасының қызметіне қатысу үшін жарналарды төлеу бойынша мерзімін құзарту туралы өтініш ету құқығы бар.

3.6. Аудиторлар палатасының толық мүшелерінің Аудиторлар палатасы Кеңесінің кез келген қарастырылатын мәселелер жөніндегі отырыстарына кеңесші дауыс құқығымен қатысу құқығы бар.

**“ҚР аудиторларының палатасы” КАҰ**  
**Кеңесінің Төрағасы.**



**Л.А. Погорелова**

Пронумеровано  
прошнуровано  
на 2 листах

11 сентября 2009 г.

